

**№ 7 жалпы орта мектебінің педагог – психолог А.Шойғараева,  
Ш.Калтаевалардың 2022-2023,  
оқу жылындағы атқарылған жұмыстары туралы мәлімет.**

**Психолог қызметінің негізгі мақсаты:**

Мектеп оқушыларының психологиялық денсаулығын сақтай отырып, оқу үрдісі барысында оларға психологиялық-педагогикалық жағдай туғызу. Мұғалім-оқушы-ата-ана үштік одақ байланысынан психологиялық қолдау көрсету. Оқушының жеке және жас ерекшеліктерін, тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

**Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:**

- Оқу-тәрбие барысында тұлғаның дамуын қалыптастыру;
  - Жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын орындауда психологиялық-педагогикалық жағдай орнату;
  - Қашықтықтан оқыту барысында оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге бейімделуіне психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу;
  - Оқушының әрбір жас аралығында тұлғааралық, интеллектуалды дамуын қамтамасыз ету;
  - 1,5-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау және түзеті жұмыстарын жүргізу;
  - Оқушының интеллектуалды және тұлғалық дамуының ауытқуын психологиялық-педагогикалық зерттеу, профилактикалық және коррекциялық жұмыс жүргізу;
  - Балаларды тәрбиелеудегі туатын қиыншылықтар мен отбасындағы микроклиматты жақсарту бойынша ата-аналарға кеңес беру.;
  - 9-11 сынып оқушыларының кәсіптік бағдарлануы мен сынақ алдындағы қобалжу деңгейін төмендетуге бағытталған шараларды жүзеге асыру;
  - Әр балаға тиісті жеке түрдегі жұмысты қамтамасыз ету;
  - Педагогтардың шеберліктерін жетілдіруде балалар психологиясының ерекшеліктерін терең зерттеп, анықтай білулеріне көмектесу;
- Психологиялық жұмыстарға арналған материалдар жинақталып, кабинет жабдықталып реттелді. Әр буын бойынша оқушылармен жүргізілетін әдістемелер, сауалнамалар жаңартылып, толықтырылды.

**Қыркүйек айында:** аталған оқу жылдарында арналған жылдық жоспар жасалып бекітілді, соған байланысты айлық жоспар жасалды.

Психологиялық жұмыстарға арналған материалдар жинақталып, кабинет жабдықталып реттелді. Әр буын бойынша оқушылармен жүргізілетін әдістемелер, сауалнамалар жаңартылып, толықтырылды.

Оқу жылының басында мектепке тартылған оқушыларға жеке папка арналды, оған жыл бойы алынған диагностикалық және түзету жұмыстарының нәтижесі салынып отырып, әр оқушыға мінездеме жазылып отырды.

15.Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.

16. Педагогтармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.
17. Аутодеструктивті жағдайлар мен жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез – құлқын анықтау және оның алдын алу жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.
18. Девиантты мінезді балалармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.
19. Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.
20. Салауатты өмір салты жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.
21. Оқушылармен педагогтармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары жасалынды.
22. Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жылдық жоспар жасалынды.
23. «Сыр мен Сымбат» қыздар жиналысы бойынша жылдық жоспар жасалынды.
24. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жылдық жоспар жасалынды.
25. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жылдық жоспар жасалынды.
26. «Сымбатты қыздар» қыздар жиналысы бойынша жылдық жоспар жасалынды.
27. Үйден оқытылатын оқушыларға жылдық жоспар жасалынды.
28. «Бестерек» жобасы аясында жылдық жоспар жасалынды.

Жоспарларға сәйкес мынадай іс-шаралар жүргізілді.

**Бестерек жобасы аясында жоспарға сәйкес кабинеттік және далалық зерттеулер жүргізілді.** Зерттеу қорытындысы бойынша тәуекел тобының қызыл, жасыл, сары топтары анықталып, анықталған оқушылармен жеке-дара жұмыстар жүргізіліп отырды. Қорытынды кесте бойынша Жасыл деңгейге-62; сары деңгейге- 50, қызыл- жок, оқушы қамтып аталған оқушылармен арнайы жоспар түзіліп, үнемі жеке және топтық жұмыстар жүргізіліп отырды.




**Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жоспарға сәйкес 8-11 сынып қыздарының арасында «Ерте жүктілік несімен қауіпті», «Жат қылықтың қыз тағдырына әсері», «Қазак қызы қандай болу керек», «Ерте жастағы жүктіліктің салдары» т.б тақырыптар бойынша түрлі жиналыс, тренинг, кеңес, баяндамалар, видеобейне, сауалнама, шағын лекция түрінде өткізіліп тұрылды.** Қыздармен жеке және топтық кеңестер беріліп отырды. Сонымен қатар, ұлдар жиналыстары өткізіліп, әкелер мектебі жасақталып, ұлдарға да жеке және топтық кеңестер беріліп отырды.



**Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары** бойынша ата-аналар жиналысында «Балалар үшін бірігейік», « Оқушы өміріндегі жағымды эмоциялар», « Балалар үшін бірігейік, оқушы өміріндегі жағымды эмоция» т.б тақырыптарда баяндама, кеңес, ұсыныс, тренингтер өткізілді. Ата-аналарға балаларынан алынған тест нәтижелерімен таныстырылды.



**Педагогтармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары** бойынша «Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті», «Мен және менің ұжымым», «Жұбымыз жарасқан әріптестерміз» атты тренингтер жүргізілді. Мектеп педагогтарының сұранысы бойынша «Алка» тақырыбындағы тренинг өткізілді. Жас мамандарға үнемі қолдау көрсетіліп, кеңес беріліп отырылды.



## **Аутодеструктивті мінез-құлықтың, зорлық-зомбылықтың, құқықбұзшылықтың алдын алу бойынша жұмыстар**

«Мен өмірді сүйемін», «Зорлық зомбылықсыз-Қазақстан», «Зорлық-зомбылыққа қарсымын» «Менің құқықтарым мен міндеттерім» «құқықты» «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» т.б баяндама, тренингтер, сауалнамалар, бейнероликтер арқылы үнімі түсіндіріліп отырылды. Тәуекел тізімінде енбеген. Мектеп тарапынан ешқанда көмекке мұқтаж болмаған. сыныптастарымен өте жақсы қарым-қатынаста болған.



Мектеп оқушыларының арасында таным процестерін анықтау және дамыту мақсатында бастауыш сыныптар арасында «Керн-Йерсак», «Мюстенберг», «Бурдон», «Не артык», «Ертегі айтып берші», «Графикалық тест», «Менің отбасым» т.б әдістемелер, тест, эссе,

тренингтер жүргізілді. Үлгерімі жоғары және төмен оқушылар анықталып жеке-дара жұмыстар жүргізілуде.



5-11 сынытар арасында түрлі тақырытара «5-сынып дегеніміз не?», «Сандар қатары», «Мұғалім оқушы көзімен», «Филипс тесті», «Үй.Ағаш. Адам», «Мен таңдаған мамандық» т.б тақырыптарда тест, сауалнама, тренингтер жүргізілді. Тест нәтижесі өңделіп, сынып жетекшілерімен таныстырылды.



ТТ тобының сары деңгейінде тұратын және мектепшілік есептегі оқушылармен аталған оқу жылындағы жоспарға сай түзету-дамыту сабақтары жүйелі жүргізіліп отырылды. Үйлеріне комиссия жасақталып, арнайы мінездемелер жасалды.



Педагог – психологтар : *Шейда* А.Шойгараева  
*Шейда* Ш.Калтаева